

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YZOC5058>

***Ш. Ж. Трушева¹, Н. Бирай²**

¹Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

²«Памуккале университеті»,
Турция Республикасы, Денизли қ.

*e-mail: schiko777@mail.ru

ТІЛ МЕН ТАНЫМНЫҢ БЕЙВЕРБАЛДЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Шешендік сөздерде адамдар өз ойын тілдік таңбалар арқылы ғана емес, тілдік емес таңбалар арқылы да бейнелі жеткізе алады. Мақалада шешендік сөздердегі дискурса қатысатын би-шешендердің ішкі ойын сыртқа шығарудағы тілдік таңбалардың (ым, ишара т.б.) біртұтас экспрессивті жиынтығы нақты мысалдармен дәлелденген. Вербалды емес коммуникация тек қана тәндік құрылымға тән екендігі анықталды. Тренд-біз сөйлеу кезінде жасай алатын ым-ишарадан гөрі не айтатынымызды көбірек ойланатынды көрсетті. Вербалды емес тіл әдетте субъект білдіргісі келмеген эмоцияларды білдіреді. Біздің денеміздің тілі арқылы адамдардың эмоциялары тікелей көрініс формасы болып табылады. Дене тілі сананың жоғары деңгейлерінен өте беремейді және олар біздің бақылауымыздан тыс жүріп жатады. Бім тілі Махмұт Қашқаридің сөздігінде ең алғаш соғыстың құпия кілті ретінде қолданылғаны айтылған. Бұл – үдерістің ізін әдебиеттерді шолып қарастырғанда одан әрі жалғасқанын байқауға болады. Шешендік сөздер кинесикалық – сөйлеушінің ым-ишарасы тілдік емес таңбалар арқылы да бейнелі жеткізген. Шешендер (даугерлер, талапкерлер т.б.) өздерінің ішкі ойын ым-ишара арқылы сыртқа шығарған. Жақтырмаған жағдайда да паралингвистикалық құралдарды пайдаланған, қосымша стилистикалық реңк берген. Көмекші құрал ретінде түрлі ұлттық негізі бар заттарды да қолданған. Шешендік сөздердегі паралингвистикалық амалдар сөйлеу үдерісін әр тармақта түсіндіріп, нақтылап, оның мәнін ашуда таптырмас негізгі құрал болып табылады. Шешендік сөздерге әлеуметтік қоғамның барлық мүшелері тіпті, жас балаларға дейін қатысқан. Қортындылай келе, ауызша емес қарым – қатынас та

Ұлы дала дискуссиясының ең тиімді жолдары болып табылатыны байқалды.

Кілтті сөздер: паралингвистика, кинесика, дискуссия, вербалды, бивербалды, коммуникация, тренд, эмоция, субъект.

Кіріспе

Паралингвистиканың бір түрі кинесика – бивербалды амалдарды қолданады. ІМ тілінен басқа көмекші заттардың көмегіне жүгіну, еске алған ойды соңына дейін жеткізу болып табылады. Тұспал және сандық құпия сөздер т.б. көбіне ауыспалы мағыналы сөздерден де тұрады. Ал, заттық қолданбалы ым тілі аты айтып тұрғандай тек қана заттың көмегіне сүйенеді. ІМ – ым, шартты белгі. Әрбір қосындарға әскербасы, қолбасылар тарапынан белгіленіп берілген шартты белгі (пароль). Мұндай белгілер қос пен құралдардың атымен немесе сөздермен белгіленіп, екі лек әскерлердің қосыны ұшырасқанда бірін-бірі тануға және тани алмай соғысып қалудан сақтануға қызмет етеді. Танымайтын екі адам жолығысқанда бірінен бірі «ым» сұрайды, сұралған кісі ымды білсе өз адамы деп саналады, білмесе бөлеге ұшырайды. Мақалада былай депті: «*Імды білсе, ер өлмес*» [1, 67 б.]. Ішін ара шешендік сөздердегі дискурстың түрлі әдіс-тәсілдері де сөз болады.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақала бойынша көптеген ғылыми еңбектер қаралды. Мәтінге тікелей қатысты еңбектерге сілтеме жасалды. Паралингвистика тіл білімінің функционалдық бағыттың бірі. Сондықтан да шешендік сөздердегі кинесикалық сөйлеушінің ым-ишарасы алғашқы рет зерттеліп отыр. Паралингвистика: артикуляциялық диалекті, әлеуметтік немесе идиолектік ерекшеліктер, қағазға түскен графикалық ерекшеліктеріне де аса қатты мән беру керектігі зерттеу барысында мәлім болды. Кинесикалық тәсіл соғыс уақытында да кеңінен қолданылған.

Нәтижелері мен талқылау

Кіріспеде айтылған мәселелер, қазіргі кезде ымды білмеген дымды да білмейді деп қолданылады. Дымды (құпия порольді) білмейді деген көненің сілемі екендігі байқалады. Мәшһүр-Жүсіп жиған «Олжабай және Жасыбай» – деген әңгімесінде әскер соғыстың тілдік емес (шартты) таңба хабарлау қызметін атқарып тұрған материалдық кинесикалық амалдар сақталған: Жасыбай қу сүйекті үгіп, күл қылып, бір ақ шүберекке түйіп, бір тулақтың пұшпағына байлап, қарауыл қарайтұғын тасына шығыпты. Шықса, қылмақтың қаруылшысы отыр екен. Күн қатты дауыл, уілдеп тұрған жел екен. Тулақты аспанға ұшырып, күлді шашылатұғын қылып қоя беріпті. Қалмақтың қаруылшысы қуанып, жүгіріп, көбіне барып айтыпты: –Кешегі құс екен, аспанға ұшты, саңғып жіберді. Құс екенін сонан білдім! – депті.

Қалмақта да жауырыншы бар екен. Жаурын жағып жіберіп, қарапты да, айтыпты: – Ол құс емес, кісі. Өзі жаурыншы, өзі мерген. Біздің қаруылшы: «құс екен» – деп, ойласын деп, тулақ ұшырып, күл шашылдырыпты. Жасыбай батыр жауды жолдан адастыру үшін тулаққа күнде жатып қураған қу сүйекті үгіп салып аспанға шашып, желмен ұшырған. Жау ұшқан құс екен деп ұққан. Жауды жолдан адастыру үшін айла-тәсіл қолданған [2, 128–129 б.]. Мына мысалда да Қырғыз Орман хан соғысқа кіріспес бұрын әскерінің санын көп қылып көрсету үшін таудан түскеннен кейін әдейі қою шаңды көтеріп, жасақтарын жартастардың арасымен қайтадан өткізіп үш күн үздіксіз қайталатып отырған. Кенесары қалың шаңды көріп қырғыздың сансыз көп әскеріне таң қалған. Түнде Орман хан әрбір жасаққа жеке от жағуды бұйырған. Сонда Кенесары сан жетпейтін от ошақтарын көріп: қарғыз көп пе, аспандағы жұлдыз көп пе – деген екен [3, 334–335 б.] Орман хан да әскерін өте көп қылып көрсету үшін әдейі қою шаңды аспанға көтерген, кісі басы от ошақтарын жақтырған, тілдік емес алдау соғыс әдісін «таңбаны» қолданған. Ым тілі бір күнде шешендік сөздердің (ауызша мәтініне) түскен жоқ, оның тарихы өте алыста екендігі байқалады. Ым тілі көне дәуірден келе жатқан таңба. Алғашқы сөздің орнына жүрген «сөз емес» ым тілі. Ым-ишара. С. Кенжеахметұлы қазақ кейде ым, ишара арқылы «сөйлесіп» болған жайды, іс-қимылы арқылы бір-бірімен түсінісе береді. Халық арасында ым мен ишараның түрлері өте көп. Бұл негізінен сөзді шығындамай-ақ, болған істі баяндаудың немесе жеткізу, түсіндірудің бір жолы. Мұндай тәсіл көптеген халықтарда бар – дейді [4, 371 б.]. Қ. Қайсенов, кітабынан алынған мысалдарда: арқасынан қақты, оң қолын жоғары көтерді, иек қағып, ымдасып қояды, ым қақты, екі саусағымды көрсеттім – деген сөз тіркестері ым тілі болып табылады. Б. Момышұлының кітаптарында да әскери ым тілдеріне: қалт тұра қалып, қолын шекесіне көтеріп, қолыммен ишарат білдіріп, дудар шашын оң қолымен уыстап алыпты, сұқ саусағымен бір нұсқап т.б. Соғыс мезгіліндегі адамның түрлі-қимыл әрекетінен, мінез-құлқынан сыр береді. Соғыс уақытында сабырлы, байсалды болу – шапшаң шешім табудың кепілі, жеңістің сәтті болуы көбінесе дұрыс та, ойлы әдіс-тәсіл қолдануға тығыз байланысты. Адам шығыны аз болуы өте маңызды. Ым тілі – ауызбен айтып, жеткізіп үлгермей қалған сөзді қосымша қимыл арқылы (не болмаса заттың көмегімен) жеткізетін ең басты тілдік емес қимыл-құралы. Ым тілі Ұлы отан соғысы кезінде де барлаушылардың, партизандардың негізгі тілдесу құралы болғандығын көрсетеді. Фромкин, Р. Родман, Н. Хайамс кітабында «ASL немесе басқа да ым тілінде ойды білдіру үшін дыбысты қолданбайды. Оның орнына ым тілі жүреді, яғни қол, басқа дене мүшелері немесе бет қозғалысы арқылы сөздер мен грамматикалық құрылымдарды білдіреді. Ым тілі дамыған тіл және ымдаушылар ауызша тілде қарым-қатынас жасауда толып жатқан

жаңа сөйлемдер қолданады. Ым тілінің өзіндік белгілері мен менталды сөздері ишара жүйесі мен ауызша тілдің эквиваленттері арқылы жүзеге асырылады. Ым-ишара тілін қоланушылар тіл мен ауыздың орнына қолымен оқыс қимыл арқылы ымдап білдіруді пайдаланады» [5, 14 б.]. Мысалы, ым-ишара тілі көп жағдайда ауызша тілге ұқсайды, бір айырмашылығы сөзі жоқ. Дегенмен сау адамның ым тілінде өзгешеліктер бар. Шешендік сөздерде ым тілі сөйлеп отырған адамның сөзіне байланысты бейімді болады. Және адамның көбіне танымдық қасиетіне де қатысы. Ым тілін әдейі жасайын деп ойланып жасап отырмайды, жүректен шыққан сөзбен бірге келеді. Сөзбен ым тілі бірдей оқыс қабаттасады. Адам қуанғанда, қайғырғанда ішкі шер (сөз) бен адамның сыртқы бейнесі (қимылы) бірге келеді және сол көңіл-күймен бірдей ыңғайда үлесіп шығады. Бұл деген ым тілінің оймен, санамен тығыз байланысты деген сөз. Адамның тұтығуы (жүйкемен байланысты т.б.). Бірақ осы қимыл ым тілі, бір қызығы сөзбен де, сөзсіз де бола береді. Ал неге ым тілі сөйлей алатын адамның тілімен қабаттаса қолданатыны әлі де болса беймәлім құбылыс. Мысалы, *...бұзаушық қайнатып, сабын қашан дайын болады деп отырған әйелдер, сөзге келіспеген Рәш сыртқа ыза болып шығып кетеді. Сол уақытта «От басында отырған кемпірлер ежірейе қарап, ауыздарын сылт еткізеді»* (Б. Майлин). Өсекті тыңдап отырған кемпірлер «ежірейе қарады», «ауыздарын сылт еткізді». Бірақ өздері де білмейді не істегендерін себебі сөзге ден қойып кіріп кеткендері соншалықты «не болып қалды?» – деп, әйтеуір, көздерімен ежірейе қарады (Рәштің қылығын жақтырмағаны), еріндерімен құптап ишара арқылы білдірді. Немесе, *Әжемнің сөзін үнсіз тыңдаған шолақ қол өкіл ымдап қасына Байдалыны шақырып алды да, бізге ескертпестен бірдеңе-бірдеңе деп күңкілдеді де, атын тебініп Зибақтың соңынан жүріп кетті; Мені көріп, дыбыс шығарма дегендей белгі жасады; Ысқақ шал ішкі бөлмеден мұрнынан қан дірдектеген Санатты алып шығып, маған «бол, тез әкет» дегендей ымдады.* С. Мұратбековтың кітабынан алынған бұл мысалда ымдап, күңкілдеді, белгі жасады, ымдады ауызша айтылатын сөздердің ымдық тілдік таңбасы. Ал енді үнсіз тыңдаған, ескертпестен деген сөздерді айтқанда қимыл-белгі жоқ болғанымен, адамның ішкі жан-күйі бәрібір сыртқы тұрпатынан, тұрған-тұрысынан, көзінен, бетінен т.б. мінез-құлқынан байқауға болады. Шешендік сөздерге адресант та, адресат та жиі қатысады, олар бірнешеу де болады. Сөйлеуде рөлдегілер орындарын ауыстырып отырады. Бірақ, бірінші сөз бастаушы сол бірінші күйінде есте қалады. Біріншіден, сөзді үлкендер тұрғанда, кішілер бастамаған. Тек қана үлкендердің рұқсатымен сөз сөйлеген. Не сөзді сұрап алған. Адресант сөздің ыңғайына қарай бірнеше рет сөзге қайта айналып келіп отырады. Адресат та кезі келгенде сөзге жауап беріп, орынды сөз айтып отырады. Адресант пен адресат

мәтін кеңістігінде өздерін орнын біліп уақытты қаза қылмайды. «Оған мәтін, мәтінді тудырушы – автор (адресант), мәтінді қабылдаушы-оқырман, қабылаушы-тыңдарман (адресат, бейнелейтін болмыс және өзінің ойын жүзеге асыру үшін автордың талғап, сұрыптауы нәтижесінде қолданылған тілдік жүйесі жатады» [6, 15 б.]. Адрес сөзі де үлкен мәдени мәселелердің туындауына себеп болуда. Бұл сөз – орыс тіліне француз тілінен енген кірме сөз (adresse), еуропа тілдерінің барлығында дерлік кездеседі. Бұл сөздің әр тілдегі мағынасы, стильдік коннотациясы, тіпті коллокациялық байланысы да бірдей [7, 74 б.]. Шешендік сөздерде бірнеше адам қатысады. Сценарийде қатысушы кісілер рөлдерін ауыстырып та отырады. Сценарийдің жобасы әртүрлі болуы мүмкін. Жер дауы, жесір дауы т.б. Бірақ, арнайы осылай өту керек деген нобайы-сипаты болмайды. Ис-даудың барысында шешіледі. Шешендік сөз әлемнің шынайы суретін көрсететін орын. Былайша айтқанда театрдың микросахынасы. «Сценарий – концептуальдық құрылымның бір типі, бірнеше эпизоттардың кезеңдерде кезектесуі; бұл қозғалыс, даму білгілерінен тұтатын стереотиптік эпизоттар. Бастапқы фреймнің кезең мен кеңістікте дамып, кезектесе өршитін эпизоттардан құралғандағы жағдайы. Сценарий концептінің идеясын танытатын сюжеттерден тұрады» [8, 294 б.]. Ым тілінде дискурсқа түскенде екі жан (адресант+адресат+адресант т.с.с.) керісінше рөлдерімен ауысып та отырған. Кезектесіп сөйлескен. Жігіт қызға тілегін жеткізу үшін тілдік емес амалдарды «басын сипайды», қыз жауап ретінде «тақыр тулақты сипайды», мәтінде қалыңмал, төр, тулақ негізгі байланыстырушы құралдың міндеттерінде атқарып тұрғаны байқалады. Ым-ишара-емеуірін тілі адамның жасына, жынысына қарамайды. Ым тілін жас балалар тілі шыққанша өте көп қолданады. Одан кейін аздап сиреп, әдеттегі ым тілін пайдаланады. Ым тілі санамен, ойлаумен тығыз байланысты. Ым тілі адамның ішкі-жан дүниесін, сізімін, мінезін де бере алады. Ым тілі сөйлеу тілінің жетпей жатқанын көрсетпейді, керісінше қосымша мағына үстейді. Идиолект арнайы тілдік тәсілдер болса, қазақ арасында ерекше әулие адамдардың өзіндік көру, ойлау, дүниені қорыта білу ерекшеліктері де болған. Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді (Шәкәрім). «Батин» араб тілінде «іш, ішкі» деген мағына береді. Өте кереметті адамдардың батин (көкірек) көзі ашылады. Батин көз екі қолтықтың астында болады. Жай көзден айырмашылғы жер мен көктей. Батин көз ашылу үшін жай көзді міндетті түрде жұму қажет. Батин көзге жоғарғы Ғарыш, жер жүзі, жер асты толық көрінеді. Бірақ мұндай қасиет бар адам сырын еш уақытта сыртқа жаймайды, өте құпия ұстайды. Осы себепті екінің бірі «батин көз» жайлы біле бермейді [9, 69 б.]. Дискурсқа бірнеше адам қатысады, және жиналған жұрт та қатысады олардың саны белгісіз. Дискурс – деген қайнаған өмір, мәтін ішіндегі сөз. Қатысып отырғандар дискурстық тұлғалар. Оқиға

басталғанда жалпы белгісіз ұжымдық адресант бет бақтырмайды. Яғни, міз бақпайды, істеген істерін мойынымен көтермейді. Даугер ол-адресат, кейде талапкер деп аталады. Дикурсқа түскен төрт адресат. Ым иесі – Төле би, адресант ымдық тұлға. Ым тілінде: бет бақтырмайды, оң қолын созды, сол қолын созды, үстіңгі ернін шығарады, астыңғы ернін шығарады, басын да көтермеді жатады. Құн төлей, құн сұрайды, бітім жасап, талапкер, даугер – сот лингвистикасының лексикасы болып табылады. Мәтін арқылы дикурсқа түскен адресант пен адресаттың тілдік тұлғасын біле аламыз. «Мәтіндеме – мәтіндер жиынтығы. Орыс және шетел ғылыми басылымдарында мәтін, жиынтығын «текстотека» терминдерімен белгілейді. «Текст» – мәтін, «тека» грек сөзінен «қойма» [10, 309 б.].

Қорытынды

Дикурсқа адресант пен адресат және тосынан да кісілер араласады. Олардың арасында байланыс орнайды. Шешендік сөзге үлкен де, кіші де қатысқан. Ерлердің тілі, әйелдердің тілі де (гендерлік лингвистика т.б.) анықталады. Бұл орайда, шешендік сөздердегі гендерлік рөлдердің орыны бөлек, әйелдер айтыста да (қыз бен жігіт), жұмбақ шешуде де (Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын қараңыз), мақал-мәтелдерде т.б. қатысады. Шешендік сөзге қыздар да, әйелдер де қатысқан. Қазақ бала тәрбиесіне қатты мән берген. Бесіктен бастап-ақ «әлдилеп» отырып қазақ тілін құлағына сіңіре берген. Ұлы Даланың тілдік және тілдік емес тартысы осы – шешендік сөздерде көрініс тапқан. Ж. Қоңыратбаева осы мәселелерді кеңінен қамтыған.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Махмут Қашқари.** Түрік сөздігі. [Мәтін]. Үш томдық. Бірінші томы. – Алматы : «Сөздік-Словарь», 2006. – 67 б.
- 2 **Мәшһүр-Жүсіп.** Қазақ тарихы. Шығармалары. [Мәтін]. 9 том. -Павлодар, «ЭКО» ЖШС, 2006. – 128–129 б.
- 3 **Бекмаханов, Е.** Казахстан в 20-40 годы XIX века. Издательство «Қазақ университеті» [Мәтін] –Алматы : 1992. –334–335 б.
- 4 **Кенжеахметұлы, Сейіт.** Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары [Мәтін]. – Алматы : «Атамұра» баспасы 2010. – 371 б.
- 5 **Фромкин, В., Родман, Р., Хайамс, Н.** Тіл біліміне кіріспе [Мәтін]. 10-басылым. –Астана : 2018, –14 б.
- 6 **Ахметова, М. К.** Мәтін лингвистикасы. [Мәтін]. – Орал : 2008. – 15 б.
- 7 **Тер-Минасова, С. Г.** Тіл және мәдениетаралық коммуникация [Мәтін]. – Астана : 2018. –74 б.
- 8 **Иманбердиева, С.** Тарихи ономастикалық кеңістік [Мәтін]. – Алматы : «Фирма Орнак» ЖШС 2010. – 294 б.

9 **Сағындықұлы, Берікбай.** Ғаламның ғажайып сырлары [Мәтін]. – Алматы : «ҒЫЛЫМ» 1997. 69 б.

10 **Әбдікәрімова, Т. М.** Мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы. [Мәтін]. – Павлодар : «Сытын Н.И.» ЖК 2007. – 309 б.

11 **Уорд Франсворт.** Farnsworth's Classical English Rhetoric References [Мәтін]. 2010. – 46 б.

References

1 **Mahmut Qaşqari.** Türk sözdığı. Üş tomдық. Bırınşı tomy. [Turkish dictionary. Three volumes. The first volume]. [Text]. –Almaty : «Sözdık-Slovär», 2006. –67 b.

2 **Mäşhür-Jüsip.** Qazaq tarihy. Şyğarmalary. [Kazakh history. Works.] [Text]. 9 tom. – Pavlodar : «ЕКО» JŞS, 2006. – 128–129 b.

3 **Bekmahanov, E.** Kazahstan v 20-40 gody HIH veka. İzdatelstvo «Qazaq universiteti». [Kazakhstan in 20-40 years of the XIX century. Izdatelstvo «Kazakh University»]. [Text]. – Almaty : 1992. – 334–335 b.

4 **Kenjeahmetüly, Seit.** Qazaqtyñ salt-dästürleri men ädet-ğüryptary. [Kazakh traditions and Customs]. [Text]. – Almaty : «Atamūra» baspasy 2010. – 371 b.

5 **Fromkin, V., Rodman, R., Haiams, N.** Tıl bilimіne kırıspe. [Introduction to linguistics]. [Text]. 10-basylym. – Astana : 2018, – 14 b.

6 **Ahmetova, M. K.** Mätin lingvistikasy. [linguistics of the text]. [Text]. – Oral : 2008. – 15 b.

7 **Ter-Minasova, S. G.** Tıl jäne mädenietaralyq komunikasia. [language and intercultural communication]. [Text]. – Astana : 2018. – 74 b.

8 **İmanberdieva, S.** Tarihi onomastikalyq keñistik. [Historical onomastic space]. [Text]. – Almaty : «Firma Ornak» JŞS 2010. – 294 b.

9 **Sağyndyqūly, Berikbai.** Ğalamnyñ ğajaiyp syrly. [Amazing secrets of the universe]. [Text]. – Almaty : «Ğylym» 1997. – 69 b.

10 **Äbdikärіmova, T. M.** Mätin jäne «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы. [Text and the theory of the formation of the text of the textbook “Native language”]. [Text]. – Pavlodar : «Сытын Н.И.» ЖК 2007. – 309 б.

11 **Ward Fransworth.** Farnsworth's Classical English Rhetoric References [Text]. 2010. – 46 б.

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

*Ш. Ж. Трушева¹, Н. Бирай²

¹Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар

²«Памуккале университет»,
Республика Турция, г. Денизли.

Принято к изданию 30.11.23.

ВЕРБАЛЬНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ЯЗЫКА И ПОЗНАНИЯ

В выступлениях люди могут образно выражать свои мысли не только с помощью языковых символов, но и с помощью неязыковых символов. В статье на конкретных примерах доказывается единый экспрессивный набор языковых символов (жест, намекать и т.д.), используемый для выявления сокровенных мыслей танцоров, участвующих в дискурсе красноречивых слов. Тенденция показала, что мы больше думаем о том, что мы говорим, чем о жестах, которые мы можем сделать во время речи. Невербальный язык обычно выражает эмоции, которые субъект не хотел выразить. Через язык нашего тела эмоции людей являются формой непосредственного проявления. Язык тела не сильно превосходит высшие уровни сознания, и они находятся вне нашего контроля. В словаре Махмута Кашигари впервые упоминается, что язык жестов использовался как секретный ключ к войне. Это отражается в дальнейшем в литературе. В ораторских речах кинесика-жесты говорящего выражены также образно через неязыковые символы. Ораторское искусство (даугеры, истцы и т.д.) выводили свою внутреннюю игру наружу через жесты. В случае отсутствия поддержки он использовал паралингвистические средства, придавая дополнительный стилистический оттенок. В качестве вспомогательного средства использовались также предметы с различными национальными основами. Паралингвистические приемы в ораторской речи являются незаменимым основным средством объяснения, уточнения и раскрытия сути речевого процесса в каждом пункте. В ораторских выступлениях принимали участие все члены общества, вплоть до маленьких детей. Подводя итоги, было отмечено, что невербальное общение также является одним из наиболее эффективных путей дискуссии Великой степи.

Ключевые слова: паралингвистика, кинесика, дискуссия, вербальная, бивербальная, коммуникация, тенденция, эмоция, субъект.

*Sh. J. Trusheva¹, N. Biray²

¹Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²«Pamukkale University»,
Republic of Turkey, Denizli.

Accepted for publication on 30.11.23.

BEVERBAL INDICATORS OF LANGUAGE AND COGNITION

In speeches, people can express their thoughts figuratively not only through linguistic symbols, but also through non-linguistic symbols. In the article, a single expressive set of linguistic symbols (gesture, gesture, etc.) used to bring out the inner thoughts of dance-speakers participating in the discourse of eloquent words is proven with specific examples. The trend has shown that we think more about what we say than about the gestures we can make while speaking. Non-verbal language usually expresses emotions that the subject did not want to express. Through our body language, people's emotions are a form of direct manifestation. Body language does not greatly transcend the higher levels of consciousness, and they are beyond our control. Mahmut Kashgari's dictionary first mentions that sign language was used as a secret key to war. This can be seen visually when considering the process of further traces of continuation in the literature. In oratorical speeches, the speaker's kinesic gestures are also expressed figuratively through non-linguistic symbols. Oratory (daughters, plaintiffs, etc.) brought their inner game out through gestures. In the absence of support, he used paralinguistic means, giving an additional stylistic touch. As an aid, objects with various national bases were also used. Paralinguistic techniques in oratory are an indispensable main means of explaining, clarifying and revealing the essence of the speech process at each point. All members of the society, down to small children, took part in oratory speeches. Summing up, it was noted that non-verbal communication is also one of the most effective ways of discussing the Great Steppe.

Keywords: paralinguistics, kinesics, discussion, verbal, biverbal, communication, tendency, emotion, subject.

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz